



БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысының

ББД ОӘО директорының м.а.

Б.Х. Абдикерова **Б.Х.Абдикерова**

«15» 02 **2021 ж.**

«Графика және жобалау» пәні бойынша педагогтерге арналған облыстық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

"Графика және жобалау" пәні бойынша облыстық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) осы Ережесі Қарағанды облысының жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының педагогтері үшін олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

Олимпиаданың жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады. Олимпиада қашықтық форматында өткізіледі.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Олимпиада мақсаты : педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Олимпиада міндеттері: жоғары кәсіби мұғалімдерді анықтау және қолдау;

- пәнді тереңдетіп меңгеруге назар аудару және педагогтерді дербес зерттеу қызметін ынталандыру;

- педагогтерді кәсіби өсуі мен дамуына ықпал ету;

- педагогикалық ортада олимпиада идеяларын ілгерілету үшін кәсіби педагогикалық қоғамдастықтың мүмкіндіктерін пайдалану;

- мұғалім мамандығының қоғамдық мәртебесі мен маңыздылығын арттыруға ықпал ету.

3. ОЛИМПИАДА ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

Олимпиаданы "Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы" ММ өткізеді.

4. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- олимпиаданы басқаруды жүзеге асырады;

- олимпиадалық тапсырмаларды әзірлейді;

- осы Ережемен регламенттелген Олимпиаданы өткізуді бақылайды;

- олимпиаданы талдайды және қорытындылайды;

- БАҚ-та Олимпиадаға ақпараттық қолдау жүргізеді;

- марапаттау рәсімін ұйымдастырады.

5. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

– бағалау критерийлерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды;

– қатысушыларды жұмыстарды тексеру нәтижелерімен таныстырады;

– жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұйымдастыру комитетіне бекітуге ұсынады.

6. ӨТКІЗУ ОРНЫ

Олимпиада **2021 жылдың 13 наурызында өткізіледі**, онлайн режимінде Google Class платформасында.

Олимпиаданың сағат 10.00-де басталады. Қатысушыларға тапсырмалардың сілтемесі олимпиада басталар алдында жіберіледі.

7. ОЛИМПИАДА ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Олимпиада бір турда өткізіледі.

Олимпиада қатысушылары тест тапсырмаларын онлайн форматта орындайды. Тапсырмаларды орындау уақыты - 60 минут.

Олимпиаданы өткізу кезінде қатысушылар олимпиаданы өткізу бойынша шарттар мен талаптарды сақтайды және Олимпиаданы ұйымдастырушы өкілдерінің нұсқауларын орындайды.

Олимпиаданы өткізу кезінде қатысушыларға байланыс құралдары мен анықтамалық материалдарды, жазбаша жазбаларды және ақпаратты сақтау мен берудің өзге де құралдарын өзімен бірге алып жүруге тыйым салынады.

8. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Олимпиадаға алдын ала өтінімдер бойынша "Графика және жобалау" пәні бойынша сабақ беретін Қарағанды облысы мектептерінің педагогтері ерікті негізде қатысады.

Олимпиада қатысушыларын Google Class платформасында тіркеу **2021 жылдың 10 наурызында аяқталады**.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері олимпиада нәтижелері негізінде анықталады.

Ұйымдастыру комитетінің шешімімен олимпиадаға қатысушылар үш дәрежелі дипломдармен, қатысушы сертификаттарымен марапатталады. Марапаттау қашықтық форматта өткізіледі.

Қатысушылардың дипломдары мен сертификаттары өтінімде көрсетілген қатысушылардың электрондық поштасына жіберіледі.

10. ӨТІНІМ БЕРУ

Олимпиадаға алдын-ала өтініш беру **2021 жылдың 5 наурызына** дейін төмендегі кестеге сәйкес **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық почтаға (Excel форматында) жолдануы қажет.

**Педагогтерге арналған «Графика және жобалау» пәні бойынша
облыстық олимпиадаға қатысуға өтінім**

Қала/аудан	Білім ұйымының атауы	Қатысушының аты-жөні	Оқыту тілі	Электрондық мекен-жайы Gmail	Ұялы телефоны